Қазыналы өңір

ГАЗЕТ 2000 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ 8 тамыз СЕНБІ 2026 жыл №30 (1318)

Аймақ дамуы

Жол жаңарса – өңір жаңарады

Жезқазған мен Қарағандыны жалғайтын автомобиль жолының жайы жылдар бойы тұрғындарды толғандырған мәселелердің бірі болды. Бұл бағытпен қатынайтын жүргізушілер де, кәсіпкерлер де, қарапайым жолаушылар да жолдың сапасын жақсарту мәселесін сан мәрте көтерді. Ұлытаудың ел болып қалыптасқаннан бергі ең өзекті инфрақұрылымдық түйткілдерінің бірі саналатын бұл мәселе енді нақты шешімін тауып, ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары басталды.

Ілтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

«Жезқазған – Қарағанды» республикалық автомобиль жолын қайта жаңғырту жобасы – жай ғана жол құрылысы емес. Бұл – Ұлытау облысының экономикалық, әлеуметтік және логистикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған стратегиялық бастама. Жобаның іске асуы өңірдің ішкі ғана емес, республикалық көлік дәлізіндегі маңызын арттырып, тұрғындардың өмір сапасына тікелей ықпал етеді..

Дайындық жұмыстары қалай жүруде?

Қайта жаңғырту жобасының жалпы ұзындығы 457 шақырымды құрайды. Жол II техникалық санат бойынша салынып, халықаралық талаптарға сәйкес жүзеге асырылуда. Жобаның Халықаралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі арқылы қаржыландырылуы құрылыс сапасына қойылатын талаптың жоғары екенін көрсетеді.

Жол құрылысы төрт лотқа бөлініп жүзеге асырылуда. Әр учаскеде құрылысқа дейінгі дайындық кезеңі қызу жүріп жатыр. Вахталық қалашықтар салынуда, өндірістік базалар әзірленуде, топырақ карьерлері игеріліп, геодезиялық өлшеулер, инженерлік-геологиялық зерттеулер мен бұрғылау жұмыстары қатар жүргізілуде. Бүгінде құрылыс алаңдарында 126 бірлік техника мен 136 маман еңбек етуде. Бұл көрсеткіш алдағы уақытта кезең-кезеңімен ұлғайтылып, құрылыс қарқыны күшейтіледі.

Жобаның басым бөлігі – 355 шақырымы Ұлытау облысының аумағына тиесілі. Бұл облыс үшін жолдың стратегиялық маңызын одан әрі арттыра түседі. 783–905 шақырым аралығын қамтитын бірінші лотта жолдың геодезиялық белгілеуі, инженерлік-геологиялық зерттеулер және құнарлы топырақ қабатын алу жұмыстары жүргізілуде. Мұнда 30 маман мен 22 техника жұмылдырылып, жол осінің алғашқы 21 шақырымы белгіленді. 683–783 шақырым аралығындағы екінші лотта жер төсемін дайындау, топырақты нығыздау және геодезиялық жұмыстар атқарылуда. Бұл учаскеде 43 маман мен 32 техника жұмыс істеп жатыр.

Ал үшінші лотта өндірістік базалар дайындалып, карьерлердегі аршу, бұрғылау және зерттеу жұмыстары қатар жүргізілуде. Бұл аумақта геодезиялық белгілеу жұмыстарының өзі 50 шақырымға дейін орындалған. Мұнда 42 техника мен 33 маман еңбек етуде. Төртінші лотта да өндірістік базаларды дайындау, карьерлерді игеру, құрылыс техникасын орналастыру және инженерлік дайындық қатар атқарылып жатыр.

→ 2 бет.

ҚҰРМЕТТІ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МЕН САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрылыс – адамзат баласымен бірге жасасып келе жатқан ең қастерлі де жасампаз кәсіп. Бүгінде өміріміздің бұл сала қарқынды дамып, қаламыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға айрықша ықпал етіп келеді. Заманауи сәулет үлгісімен бой көтеріп жатқан әсем де көрікті нысандар – сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің, табандылықтарыңыздың айқын жемісі.

Қаламыздың келбетін жақсартып, тұрғындардың игілігін еселеу жолында атқарып жатқан өлшеусіз еңбектеріңіз әрдайым жоғары бағаланады. Мемлекет тарапынан қолға алынған ауқымды жобалар мен инфрақұрылымдық өзгерістерді іске асыруда жергілікті құрылысшылардың қосқан үлесі зор. Мұндай игі бастамалар шаһарымыздың өсіп-өркендеуіне жаңа серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға септігін тигізуде.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қажымас қайрат және толайым табыстар тілейміз. Туған қаламызды көркейтіп-көріктендірудегі игі істеріңіз әрдайым жемісті болсын!

Ізгі ниетпен,
Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,
Қаражал қаласының әкімі.
Зәмзагүл ОСПАНОВА,
қалалық маслихат төрағасы.

УВАЖАЕМЫЕ СТРОИТЕЛИ И ВЕТЕРАНЫ ОТРАСЛИ!

Сердечно поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем строителя!

Строительство – это одна из самых благородных и созидательных профессий, сопровождающих человечество на протяжении веков. Сегодня строительная сфера в нашем регионе развивается динамично, внося весомый вклад в укрепление экономики и повышение качества жизни населения. Появление современных, красивых и функциональных объектов – это прямой результат вашего неустанного труда, профессионализма и преданности своему делу.

Ваш созидательный труд, направленный на благоустройство нашего города и приумножение его благ, заслуживает самого глубокого уважения. Местные специалисты-строители играют ключевую роль в реализации масштабных проектов и инфраструктурных инициатив, которые придают импульс развитию нашего региона и способствуют созданию новых рабочих мест.

Поздравляем вас с профессиональным праздником и желаем крепкого здоровья, семейного благополучия, неиссякаемой энергии и достижения новых профессиональных высот. Пусть ваш созидательный труд на благо родного города всегда приносит плодотворные результаты!

С наилучшими пожеланиями,
Айхын ЕЛЕУСИЗОВ,
аким города Каражал.
Замзагуль ОСПАНОВА,
председатель городского маслихата.

ҚҰРМЕТТІ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ – ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР!

Сіздерді Халықаралық Жастар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қай заманда да елдің жүгін арқалап, көк байрағын биікке көтеретін – жігерлі де білімді жастар. Өр рухы мен асқақ арманы қатар жүретін сіздердің тың идеяларыңыз бен қарымды қадамдарыңыз қоғамымыздың жаңа келбетін қалыптастырып келеді. Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Мағжан Жұмабаев атамыз «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін» деп осынау жас буынға шексіз сенім артып кеткен еді. Міне, сол аманат пен үмітті ақтап, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген нағыз патриоттар бүгін де арамызда жүргеніне куәміз.

Білім мен ғылымда топ жарып, спорт пен өнердің биік шыңдарын бағындырып, әлемдік ареналарда көк туымызды желбіретіп жүрген жастарымыз – баршамызға үлкен мақтаныш. Мемлекет тарапынан жас буынға әрдайым жан-жақты қолдау көрсетіліп, жарқын болашақтары үшін барлық жағдай жасалуда. Осындай сенім мен мүмкіндікті абыроймен ақтап, туған жердің өркендеуіне үлес қосу – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Құрметті достар! Жүректеріңіздегі от сөнбей, әрбір бастамаларыңыз сәттілікке ұлассын. Ел ертеңі жолындағы ерен еңбектеріңіз әрдайым бағаланып, биік белестерден көріне берулеріңізге шын жүректен тілектеспіз. Сіздерге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбастарыңызға береке мен мол бақыт тілейміз!

Құрметпен,
Айқын ЕЛЕУСІЗОВ,
Қаражал қаласының әкімі.
Зәмзагүл ОСПАНОВА,
қалалық маслихат төрағасы.

УВАЖАЕМАЯ МОЛОДЕЖЬ – БУДУЩЕЕ НАШЕЙ СТРАНЫ!

От всей души поздравляем вас с Международным днем молодежи!

Во все времена именно энергичная, образованная и целеустремленная молодежь была той силой, которая несет на своих плечах ответственность за судьбу страны. Ваши смелые идеи, созидательная энергия и уверенные шаги формируют новый облик нашего общества. Сегодня мы видим, что среди нас есть настоящие патриоты, которые оправдывают это доверие и вносят весомый вклад в развитие нашей страны.

Наши молодые соотечественники, добивающиеся высоких результатов в образовании и науке, покоряющие вершины спорта и искусства, достойно представляющие Казахстан на международной арене, являются предметом нашей общей гордости.

Государство неизменно оказывает всестороннюю поддержку молодому поколению, создавая необходимые условия для его успешного будущего. Оправдать это доверие, использовать предоставленные возможности во благо Родины и вносить вклад в процветание родного края — священный долг каждого гражданина.

Дорогие друзья! Пусть никогда не угасает огонь в ваших сердцах, а все ваши начинания сопровождаются успехом. Искренне желаем, чтобы ваш самоотверженный труд во имя будущего страны всегда был по достоинству оценен, а впереди вас ждали новые достижения и высокие вершины. Крепкого вам здоровья, неиссякаемой энергии, благополучия и счастья вашим семьям!

С уважением,
Айхын ЕЛЕУСИЗОВ,
аким города Каражал.
Замзагуль ОСПАНОВА,
председатель
городского маслихата.

Аймақ дамуы

Біз байланыстамыз

Ақтай мен Станционный шағын аудандарының тұрғындары үшін көптен бері шешімін таппай келген басты түйткілдердің бірі – сапалы ұялы байланыс пен интернеттің жоқтығы еді. Атқарылған ауқымды жұмыстардың нәтижесінде бұл мәселе түпкілікті шешіліп, аталмыш аумақтарда «Beeline» ұялы байланыс желісі толықтай орнатылып, іске қосылды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Бүгінгі таңда тұрғындар заманауи байланыс игілігін тұрақты әрі жоғары сапада пайдаланып отыр. Бұл өзгеріс аймақ тұрғындарының күнделікті тіршілігін, жұмысын және байланыс жасау мүмкіндігін айтарлықтай жақсартты.

Осы қуанышты жағдайға орай, Ақтай шағын ауданының құрметті ақсақалдары арнайы барып, байланыс мұнарасының орнатылуына атсалысқан барлық жауапты тұлғаларға және ұжымға халық атынан шынайы ризашылықтарын білдірді.

«Халықтың көптен бері көтеріп келген өзекті мәселесі оң шешімін тауып, ауылымызға сапалы байланыс келді. Осындай игі іске ұйытқы болған азаматтарға және ұялы байланыс операторына ақсақалдар алқасы мен барша тұрғындар атынан шексіз алғысымызды білдіреміз», – деп атап өтті қариялар.

Бұл бастама өңірдегі әлеуметтік мәселелердің кезең-кезеңімен шешіліп жатқанының және халық пен биліктің, кәсіпкерлердің өзара тиімді ынтымақтастығының жарқын көрінісі болып отыр.

Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;

2. тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Как найти участок для голосования?

Для голосования на выборах депутатов Курултая Республики Казахстан, которые состоятся 23 августа 2026 года, граждане Республики Казахстан могут найти свой участок следующими способами:

1. с использованием онлайн-сервисов посредством ввода индивидуального идентификационного номера (ИИН);

2. посредством обращения в Call-центр акимата соответствующего населенного пункта по месту жительства. Номера Call-центров доступны на интернет-ресурсах акиматов;

3. С использованием QR-кода, размещенного в персональном приглашении избирателю.

www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

Жол жаңарса – өңір жаңарады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сырт көзге бұл жұмыстар бастапқы дайындық кезеңі болып көрінуі мүмкін. Алайда дәл осы кезең болашақ жолдың ұзақ жылдар бойы сапалы қызмет етуінің негізін қалайды. Геологиялық зерттеу, инженерлік есептеулер мен жер негізін дұрыс дайындау – халықаралық стандарттағы автомобиль жолының басты талаптарының бірі.

Бақылау қалай жүзеге асуда?

Сонымен, сең қозғалды. Күрежолдың бойында қазір қызу еңбек. Өңір үшін стратегиялық бастама саналатын бұл жобаның іске асырылу барысын облыс басшылығы тұрақты бақылауында ұстап отыр. Жуырда облыс әкімі Есет Байкен жұмыс сапарымен Жаңаарқа ауданына барып, жол құрылысына дайындық жұмыстарымен арнайы танысты. Бұл сапардың ерекшелігі – құрылыс барысын тек есеп жүзінде емес, нақты құрылыс алаңында бағалауында. Өңір басшысы мобилизациялық дайындық деңгейін, құрылыс техникасының жеткізілуін, мердігер ұйымдардың ұйымдастыру жұмыстарын және жол-құрылыс маусымына әзірлікті жан-жақты зерделеді.

Ірі инфрақұрылымдық жобалардың табысты жүзеге асуы ең алдымен дайындық кезеңінің сапасына байланысты. Құрылыс техникасын уақытылы жеткізу, қажетті материал қорын қалыптастыру, жұмыс күшін ұйымдастыру және өндірістік базаларды әзірлеу – болашақтағы жұмыстың қарқыны мен сапасын анықтайтын негізгі факторлар. Сондықтан мобилизациялық кезеңге ерекше көңіл бөлінуі – жобаны мерзімінде әрі сапалы аяқтауға бағытталған маңызды қадам.

Жұмыс сапары барысында «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Ұлытау облыстық филиалының директоры Мерей Шахарбаев республикалық маңызы бар жолдардағы атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде баяндама жасады. Онда жолдарды қайта жаңарту, орташа жөндеу және күтіп-ұстау бағытындағы жобалардың кезеңдері таныстырылып, олардың орындалу барысына жан-жақты тоқталды.

Бұл – өңірдегі жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарының кешенді сипат алып отырғанын көрсетеді. Өйткені жаңа жол салумен қатар қолданыстағы жолдарды күтіп-ұстау мен жөндеу де көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып табылады.

Сапар қорытындысында облыс әкімі Есет Байкен мен «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев мердігер ұйымдардың қатысуымен арнайы кеңес өткізді. Кеңесте құрылыс қарқынын сақтау ғана емес, ең алдымен сапаны қамтамасыз ету мәселесіне басымдық берілді. Себебі бүгін салынған жол ондаған жыл бойы халық игілігіне қызмет етуі тиіс.

Жолдың өңірлік дамуға әсері қаншалықты?

Қазіргі экономика жағдайында көлік инфрақұрылымы кез келген өңірдің даму қарқынын айқындайтын негізгі факторлардың бірі саналады. Сапалы жол – тек қатынас құралы емес, инвестиция тартудың, өндірісті дамытудың және логистикалық мүмкіндіктерді кеңейтудің маңызды алғышарты.

Ұлытау облысы – еліміздің ірі тау-кен өндірісі шоғырланған өңірлерінің бірі. Сондықтан өндірілген өнімді республика аумағына және экспорттық нарықтарға уақтылы жеткізу үшін сенімді көлік дәлізі қажет. «Жезқазған – Қарағанды» жолының жаңаруы жүк тасымалының уақытын қысқартып, логистикалық шығындарды азайтады. Бұл өз кезегінде өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Жаңа жолдың тағы бір маңызды артықшылығы – инвестициялық тартымдылықтың артуы. Инвесторлар ең алдымен дамыған инженерлік және көлік инфрақұрылымына назар аударады. Халықаралық талаптарға сай салынатын жол жаңа өндіріс орындарының ашылуына, кәсіпкерліктің дамуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына қолайлы жағдай қалыптастырады.

Сонымен қатар Қарағанды – еліміздің ірі өнеркәсіптік, білім беру және логистикалық орталығы. Осы бағыттағы сапалы жол Ұлытау облысының Астана, Павлодар, Қостанай және басқа да өңірлермен байланысын күшейтіп, республикалық көлік дәліздеріне тиімді қосылуына мүмкіндік береді. Бұл ішкі туризмнің дамуына, қызмет көрсету саласының кеңеюіне, шағын және орта бизнестің белсенділігінің артуына да оң әсер етеді. Жол бойындағы сервистік нысандардың көбеюі де өңір экономикасына қосымша серпін береді.

Түптеп келгенде, «Жезқазған – Қарағанды» автомобиль жолының қайта жаңғыртылуы көлік инфрақұрылымын жаңарту ғана емес. Бұл – Ұлытау облысының ұзақмерзімді экономикалық өсіміне негіз қалайтын, инвестициялық тартымдылығын арттыратын, өңіраралық байланысты нығайтатын және тұрғындардың өмір сапасын жақсартатын стратегиялық жоба. Жол – екі нүктені жалғайтын ғана емес, жаңа мүмкіндіктерге бастайтын күретамыр. Сондықтан осы магистральдың жаңаруы Ұлытаудың ғана емес, тұтас Орталық Қазақстанның даму көкжиегін кеңейтетін маңызды инфрақұрылымдық бастама ретінде бағалануға толық негіз бар.

Жастар саясаты

Жастар – елдің тірегі, қоғамның қозғаушы күші

Қаражал қаласының Жастар ресурстық орталығы 2013 жылы жұмысын бастады. Құрылған күннен бастап орталық мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыру, жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың жан-жақты дамуына қолдау көрсету, қоғамдық белсенділігін арттыру және жастар бастамаларын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Бүгінде Қаражал қаласы және Жәйрем кенті жастарын ортақ мақсатқа жұмылдырып, олардың әлеуетін дамытуға ықпал етіп отырған маңызды мекемелердің біріне айналды.

Халықаралық жастар күні 1999 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен бекітіліп, 2000 жылдың 12 тамызынан бастап ресми түрде атап өтіле бастады. Халықаралық жастар күнінің басты мақсаты – жастардың қоғамдағы рөлін айқындау, олардың мәселелеріне назар аудару және белсенді, білімді, шығармашыл әрі бастамашыл жастарды қолдау.

Жастар – мемлекетіміздің ең үлкен байлығы, ел дамуының басты қозғаушы күші. Бүгінде жастардың сапалы білім алып, еңбек етуіне, шығармашылықпен айналысуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына барлық жағдай жасалған. Осы бағытта Қаражал қаласының Жастар ресурстық орталығы 2026 жылы да жастардың азаматтық белсенділігін арттыруға, патриоттық рухын қалыптастыруға, құқықтық сауаттылығын көтеруге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ауқымды жұмыстар атқаруда.

Жыл сайынғы ең ауқымды жобалардың бірі – «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы. Биыл да өңір жастары туған өлкенің көркеюіне өз үлестерін қосып, көшелер мен саябақтарды абаттандыру, көгалдандыру және қоғамдық орындарды күтіп-ұстау жұмыстарына белсенді қатысты. «Жасыл ел» жобасы жастарды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке және туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеумен қатар, олардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік берді.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық-экологиялық акциясы аясында өңірде сенбіліктер, ағаш отырғызу шаралары мен экологиялық түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылды. Жастар қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға белсенді атсалысып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін насихаттауға өз үлестерін қосты.

Қоғамда заң үстемдігін қалыптастыру және жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары, пікірталастар, интеллектуалдық ойындар мен профилактикалық акциялар өткізілді. Сонымен қатар жастар арасында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған «Заңды күлкі» шығармашылық жобасы ұйымдастырылып, заң тақырыбы креативті форматта насихатталды.

Жастардың шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамыту мақсатында «IQ Battle» интеллектуалдық сайыстары, семинарлар, тренингтер, пікірталас алаңдары, мотивациялық кездесулер мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл шаралар жастардың ой-өрісін кеңейтіп, көшбастышылық қасиеттерін дамытуға, өз ойын еркін жеткізуіне және қоғамдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында Наурыз мейрамы, Ұлттық домбыра күні, Абай күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні және басқа да мемлекеттік және атаулы мерекелерге арналған мәдени-танымдық іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай дөңгелек үстел ұйымдастырылып, ақынның өмірі мен шығармашылығы кеңінен насихатталды.

Ұрпақтар сабақтастығын нығайту және ардагерлерге құрмет көрсету мақсатында «Ардағым – ардагерім» акциясы өткізілді. Акция барысында жастар ардагерлердің үйлеріне барып, құрмет көрсетіп, олардың өмірлік тәжірибесімен танысты. Мұндай кездесулер жастардың бойында үлкенге құрмет, кішіге ізет және елге қызмет ету сияқты асыл қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етті.

Спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жыл бойы футбол, волейбол және басқа да спорт түрлерінен жарыстар, әскери-патриоттық кездесулер ұйымдастырылды. Сондай-ақ Мемлекеттік қызметшілер күніне орай мемлекеттік қызметкерлер арасында спорттық сайыс өткізіліп, әріптестік байланысты нығайтуға және салауатты өмір салтын дәріптеуге ерекше көңіл бөлінді.

Нашақорлықтың және басқа да зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, кездесулер мен профилактикалық акциялар өткізілді. Сонымен қатар қайырымдылық шаралары мен волонтерлік бастамалар жүйелі түрде ұйымдастырылып, жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға басымдық берілді.

Қаражал қаласының Жастар ресурстық орталығы NEET санатындағы (жұмыспен қамтылмаған, білім алмайтын және кәсіптік оқуға тартылмаған) жастармен де тұрақты түрде жұмыс жүргізуде. Жастармен жеке кездесулер өткізіліп, психологиялық және құқықтық кеңестер берілді. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар, кәсіптік оқыту, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау мүмкіндіктері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. NEET санатындағы жастар бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне, семинарлар мен тренингтерге, мәдени-спорттық және қоғамдық іс-шараларға тартылып, олардың қоғам өміріне белсенді араласуына қолдау көрсетілді.

Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру және еріктілер қозғалысын дамыту мақсатында Қаражал қаласында Волонтерлер форумы ұйымдастырылды. Форум барысында қоғамдық өмірге белсене араласып, еріктілер қозғалысының дамуына елеулі үлес қосқан Бекжан Бейбітұлы, Арман Мұрат, Інкәр Отынышина, Назира Нұрбек, Жанель Марат, Інкәр Айдынқызы, Еркеназ Біржан және Айару Жолдасова Қаражал қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстардағы белсенділігі мен жастар бастамаларын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін Ақерке Құдыш, Нұрислам Құрманов, Алдияр Иманғазин, Евгений Комаров, Жәнібек Мейіржан, Алмас Сайлаубаев, Ұлықбек Балкенов және Ұлан Мейіржан арнайы сертификаттармен марапатталды. Сондай-ақ, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосқан Абдулла Нұрлан «Үздік белсенді» номинациясымен марапатталып, Алғыс хат пен естелік сыйлыққа ие болды.

Қаражал қаласының Жастар ресурстық орталығы алдағы уақытта да өңір жастарына қолдау көрсетіп, олардың бастамаларын жүзеге асыруға жағдай жасай отырып, мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыру бағытындағы жұмыстарын жалғастыра береді. Орталықтың басты мақсаты – елін сүйетін, білімді, белсенді, жауапкершілігі жоғары және бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу.

Жастар күні – еліміздің ертеңіне сеніммен қарайтын, білімді де белсенді жастардың мерекесі. Бүгінде Қаражал жастары қоғамдық өмірдің барлық саласында өз белсенділіктерін танытып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Олардың тың бастамалары мен игі істері туған өлкеміздің дамуына серпін беріп, жарқын болашаққа бастай беретіні сөзсіз. Жастар – бүгіннің белсенді күші ғана емес, ертеңгі Қазақстанның жарқын келбеті.

Дильназ ЕРГАЛИЕВА,
Қаражал қаласы Жастар ресурстық орталығының психолог маманы.

Человек труда

Индикатор качества – доверие земляков

В воскресенье за одним столом соберется коллектив ИП «SULTAN-GROUP». Не для обсуждения смет, сроков реализации проектов, качества производимых работ и вопросов трудовой дисциплины. Повод для встречи – празднование Дня строителя. А виновники торжества – рабочие и специалисты, объединенные нашим земляком Шоканом Кордабаем.

Асель КУРБАЛОСОВА

В Казахстане каждое второе воскресенье августа профессиональный праздник отмечают все те, кто задействован в сфере строительства и возведения зданий, мостов, технических сооружений. Это - люди, трудящиеся непосредственно на объектах (крановщики и операторы спецтехники, мастера по работе с бетоном, арматурой, штукатуры, маляры-штукатуры, столяры и плотники). А также архитекторы и проектировщики, инженеры-строители и геодезисты, сметчики, технологи и пр.

Праздник был учрежден в далеком 1955-ом году Указом Президиума Верховного Совета СССР. Тем самым руководство страны выражало почет и уважение строителям, которые трудились на восстановлении государства после разрушений Великой Отечественной войны.

В независимом Казахстане официальный статус Дня строителя был подтвержден Указом Президента РК в 1998 году. Так в перечне профессиональных праздников появилась новая дата.

И уже долгие годы этот праздник со своей сплоченной командой отмечает каражалец Шокан Кордабай. А ведь в свое время он даже не помышлял о том, что строительная сфера станет важной составляющей его жизни. После окончания школы он поступил на факультет физической культуры и спорта, позже получил диплом вуза по специальности «юриспруденция». То есть, никаким образом не был связан с возведением зданий и капитальными ремонтами.

Тем не менее, в 2015 году он кардинально изменил свою жизнь. Началось все с того, что друг Шокана Кордабая получил подряд на ремонт здания городского акимата. Фронт работ был солидный – внутренние работы, фасад. И следует отметить, что молодые строители справились на «отлично» - даже по прошествии 11 лет качество не вызывает нареканий.

Окончание в следующем номере…

Культура

На страже исторической памяти

Государственный архив города Каражал в этом году отмечает знаменательную дату – 40-летие со дня своего создания. Четыре десятилетия на его полках бережно хранится документальное наследие города, являясь свидетельством трудовых достижений, развития общественной жизни региона и судеб многих поколений каражалцев.



Джезказганский областной Совет
народных депутатов

Исполнительный комитет

РЕШЕНИЕ

«13» августа 1986г. № 424/14

г.Джезказган

О создании хозрасчетного архива по личному составу при исполнительном комитете Каражалского городского Совета народных депутатов

Во исполнение постановления Совета Министров Казхаской ССР от 18 июля 1985г. № 248 «О состоянии и мерах по дальнейшему совершенствованию архивного дела в республике» и решения облисполкома от 14 августа 1985г. № 403/13 и учитывая ходатайство облархивного отдела и Каражалского горисполкома об организации хозрасчетного архива при горисполкоме, исполнительный комитет областного Совета народных депутатов Р Е Ш И Л:

1. Принять предложение областного архивного отдела и Каражалского горисполкома о создании с 1 августа 1986г. хозрасчетного архива по личному составу.

2. Поручить областному архивному отделу, Каражалскому горисполкому укомплектовать штат работников хозрасчетного архива лимитами по труду и предельных ассигнований. Ускорить производство необходимого ремонта и оснащения оборудованием выделенного помещения.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на архивный отдел облисполкома.

Председатель исполкома
областного Совета народных депутатов К.Б. ЖУМАБЕКОВ

За секретаря исполкома областного Совета народных депутатов К.Л.АМАНОВ

История Каражала неразрывно связана с развитием промышленности, становлением предприятий, трудовыми подвигами его жителей и значимыми событиями, которые нашли свое отражение в архивных документах.

Дата образования государственного архива города Каражал - 13 августа 1986 года, когда на основании постановления Совета Министров Казахской ССР «О состоянии и мерах по дальнейшему совершенствованию архивного дела в Республике Казахстан» решениемДжезказганского облисполкома от 13 августа 1986 года был создан хозрасчетный архив по личному составу при исполкоме Каражалского городского Совета народных депутатов.

Архив был создан для централизованного приема, учета, хранения и использования документов по личному составу учреждений, организаций и предприятий, находящихся на территории города Каражал, а также всех ликвидированных предприятий, функционирующих в городе.

В июне 1992 года решением председателя Административного совета Жайрем-Атасуйской свободной экономической зоны создается единый архив Жайрем-Атасуйской СЭЗ. В связи с упразднением специальной экономической зоны решением акима города Каражал от 13 августа 1999 года единый архив был переименован в ГУ «Каражалский городской архив».

Постановлением акимата Карагандинской области от 29 января 2005 года городской архив переименован в ГУ «Государственный архив города Каражал», в декабре 2012 года Государственное учреждение было переименовано в Коммунальное государственное учреждение. С августа 2022 года уполномоченным органом государственного архива было определено управление культуры, развития языков и архивного дела области Ұлытау.

В разные годы государственный архив возглавляли Роза Цой, Нина Захаренко, Алла Шкурат, Мейрамгуль Жетписбаева. В настоящее время руководитель государственного архива - Талгат Касимов.

Архив представлял собой четыре комнаты, расположенные на первом этаже приспособленного помещения по адресу: город Каражал, улица Профсоюзов, 1 (ныне - улица Сайдалы Сары Тока, 1). Он занимал площадь 38 квадратных метров. Общая протяженность стеллажей - 216 погонных метров. По состоянию на 1 января 1988 года на государственном хранении находилось 2 970 единиц хранения документов за 1983-1985 годы 19 организаций.

Сегодня архив располагается по тому же адресу, но общая площадь государственного архива выросла и составляет 222,1 квадратных метров. Все стеллажи в архивохранилище заменены на металлические, и их протяженность в настоящее время составляет 545,48 погонных метров.

По состоянию на 1 января 2026 года на государственном хранении находится уже 46 797 единиц хранения документов в 133 фондах.

На основе архивных документов подготовлены и выпущены «Летопись города Каражал» к 50-летию образования города, справочник «Солдаты Великой войны», буклет, посвященный 30-летию образования государственного архива, биографический справочник «Руководители города Каражал, организаций, учреждений и предприятий города».

Особое место в деятельности архива занимает работа по сохранению документов по личному составу, которые помогают гражданам подтверждать трудовой стаж, социальные права и другие юридически значимые факты. Ежегодно архив оказывает помощь сотням жителей, исполняя многочисленные запросы социально-правового характера.

С развитием информационных технологий архив активно внедряет современные методы работы. Проводится систематизация фондов, совершенствуется научно-справочный аппарат, осуществляется работа по цифровизации архивных документов. Это способствует сохранению уникальных материалов и повышению доступности архивной информации для пользователей.

За годы существования архив стал не только хранилищем документов, но и важным центром исторической памяти города. Его материалы используются педагогами, студентами, историками и всеми, кто интересуется историей родного края. Архив принимает участие в подготовке выставок, публикаций, памятных мероприятий и проектов, направленных на популяризацию исторического наследия.

Сегодня Государственный архив города Каражал продолжает выполнять свою благородную миссию — сохранять документальную память о прошлом для будущих поколений. Сорок лет деятельности архива — это история преданного труда нескольких поколений архивистов, благодаря которым бесценные свидетельства времени остаются доступными обществу.

Наталья ПАК,
руководитель отдела
государственного архива
города Каражал.

Тағзым

Жақсының аты өлмейді...

Ағымдағы аптада Қаражал қаласында өніріміздің рухани қазынасын түгендеп, тарихын тереңнен тануға өлшеусіз үлес қосқан қаланың Құрметті азаматы, белгілі ақын, жазушы, өлкетанушы, журналист, ұлағатты ұстаз Төлеухан Ілиясұлының рухына тағзым етіліп, өзі тұрған үйге мемориалдық тақта салтанатты түрде ашылды.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Кемел тұлғаның есімін ұлықтаған бұл айтулы шара қаражалдықтардың туған жер тарихын қадірлеп, рухани мұраны көздің қарашығындай сақтай білетінін және кейінгі жас ұрпаққа үлкен өнеге көрсете алатынын паш етті. Салтанатты шара аясында қаламгердің сан қырлы өмір жолы мен мол шығармашылығына арналған арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылып, жиналған қауым қаламгердің еңбектерімен тереңірек танысуға мүмкіндік алды. Іс-шарада қала әкімі Айқын Елеусізов, қалалық мәслихат төрағасы Зәмзагүл Оспанова және ауыл ақсақалдары бастаған қауым қатысып, игі бастамаға қолдау көрсетті.

Жиында Төлеухан Ілиясұлының ағасы Қали Жақанов, Қаражал қаласының құрметті азаматтары Жарқынбай Жетімек пен Рахымжан Сатанов естеліктерімен бөлісіп, қаламгердің азаматтық тұлғасы мен шығармашылық мұрасының өлшеусіз маңызына тоқталды. Сонымен қатар №1 мектептің 11-сынып оқушысы Тулеутаева Ұлжан қаламгердің жүрек тебірентер «Қаражал» өлеңін аса мәнерлеп оқып, шараның рухын асқақтата түсті. Өз кезегінде қаламгердің жұбайы Күлаш апа отбасы атынан сөз сөйлеп, осындай ізгі бастамаға ұйтқы болған барша қауымға шынайы ризашылығын білдірді.

Шын мәнінде, Төлеухан Ілиясұлының есімін ұлықтау – туған жер тарихын қадірлеудің, атадан балаға мұра болып қалатын рухани байлықты қастерлеудің ең биік көрінісі екені анық.

Төлеухан Ілиясұлы Ілиясов 1947 жылғы 10 желтоқсанда Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде дүниеге келіп, өмірі мен өнегелі ғұмырын ел мен жерге қызмет етуге арнады. 1969–1980 жылдары Жезқазған облысы Ағадыр ауданының Көктіңкөлі орта мектебінде тарих, қоғамтану және «Кеңес мемлекеті мен құқығының негіздері» пәндерінен сабақ беріп, талай шәкірттің жүрегіне білім нәрін құйды. Тек ұстаз болып қана қоймай, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комсомол ұйымының хатшысы, кәсіподақ комитеті мен партия ұйымының жетекшісі сияқты жауапты міндеттерді де абыроймен атқарды. 1980 жылдан Қаражал қаласына қоныс аударып, барша саналы өмірі мен шығармашылығын осы өңірмен тығыз байланыстырды. 1995 жылдан бастап Жезқазған облыстық «Центральный Казахстан» газетінде тілші болып қызмет атқарды, ал 1997 жылдан бастап Қаражал қалалық «Атасу-Жәйрем Ақпарат» және «Қазыналы өңір» газеттерінің бас редакторы болып абыройлы еңбек етті. Қалалық партия комитетінің идеология бөлімінің нұсқаушысы, өңірдегі «Қазақ тілі» қоғамының тұңғыш төрағасы болып сайланды. Оның ең үлкен істерінің бірі – Қаражал қаласының тарихи өлкетану музейінің негізін қалап, ұлттық мұрамызды жинап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыруы болды. Сөйтіп ол туған халқының жүрегінде өшпес із пен мәңгілік ғұмыр кешетін жарқын бейнесін қалдырды.

Ақын Жарқынбай Жетімек ағамыздың естелігінен:

«Төлеухан Ілиясұлы ағамыз — өзінің тіршілігінде азаматтық парызын адал атқарып өткен тұлға. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, мамандығы тарихшы бола тұра жазушылықпен, шығармашылықпен айналысты. Туған елі мен жерінің қадір-қасиетін қағаз бетіне түсіріп кеткен нағыз азамат еді.

Қазақта “Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді” деген қанатты сөз бар. Төкең өз жақсылығын да, ақындығын да қатар атқарып, еліне елеулі, халқына қалаулы болды. Өзіне жүктелген жауапты қызметтерді абыроймен атқарып, осы өңірдің екі газетінің бас редакторы болды. Артына қырыққа тарта кітап қалдырып, кейінгі ұрпаққа үлкен өнеге көрсетті. Өмір жолын жаңа бастап жатқан жастар туып-өскен жерінің тарихын осы ағамыздың кітаптарынан оқып білді. Бұл дегеніңіз – үлкен өнеге.

Сондықтан ағамыздың бірнеше жыл тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылуы – өте орынды әрі лайықты жасалған игі іс. Төлеухан ағамыздың шығармашылық мәңгілік ғұмыры енді ғана басталғандай. Алла жатқан жерін жайлы, топырағын торқа қылсын!»

Ұлы Қайырбек Төлеуханұлының естелігінен:

«Әкеміздің өмірі мен еңбегі – біз үшін қашанда үлкен өнеге мектебі. Ол кісі өз отбасына ғана емес, бүкіл елге жақсылық пен парасаттың үлгісін көрсете білді. Әкеміздің әрбір жазған кітабы, қалдырған мол мұрасы – туған жеріне деген шексіз махаббаты мен адал қызметінің айғағы. Бүгінгі туған үйінің қабырғасында ашылып отырған мемориалдық тақта – оның жарқын бейнесін мәңгі есте сақтайтын, ұрпаққа аманат еткен игі істерінің лайықты бағасы. Әкеміздің атын ұлықтап, құрмет көрсетіп жатқан барша жерлестеріміз-ге, ағайын-туыс пен қаламдас әріптестеріне отбасымыздың атынан шексіз алғысымызды білдіреміз».

Қаражал төрінде ұлағатты ұстаз, қаламгер, өлкетанушы Төлеухан Ілиясұлының тұрған үйіне мемориалдық тақтаның орнатылуы – тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қала жұртшылығының мақтанышы мен рухани жаңғырудың жарқын көрінісі. Өмірі мен еңбегін туған жерінің өсіп-өркендеуіне, тарихын түгендеп, ұрпақ тәрбиелеуге арнаған абзал жанның есімі мен жасаған игі істері жылдар өтсе де ұмытылмай, келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақталары анық. Өңірдің руханияты мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан ардақты азаматтың жарқын бейнесі әрқашан ел жүрегінде сақталып, оның өнегелі жолы жастарға әрдайым бағыт-бағдар бере берері сөзсіз.

Дін

Терроризм мен экстремизм – адамзатқа ортақ қауіп

Терроризм мен экстремизм — бүкіл адамзатқа ортақ қауіп. Оның зардабы жеке адамның өміріне ғана емес, қоғамның тыныштығы мен мемлекет қауіпсіздігіне де үлкен зиян келтіреді. Терроризм мен экстремизмнің зардабы өте ауыр. Ол адамдардың өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, қоғамның тұрақтылығына, мемлекет қауіпсіздігіне және ұрпақ болашағына кері әсер етеді. Сондықтан мұндай қауіптердің алдын алу — тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Бүгінгі таңда бұл қауіптердің алдын алу үшін қоғамның әр мүшесі сергек әрі жауапты болуы қажет. Әсіресе жас ұрпаққа дұрыс тәрбие мен сапалы білім берудің маңызы зор. Жастар интернеттегі ақпаратты талдап, күмәнді әрі жалған мәліметтерге ермей, кез келген ақпаратқа сыни көзқараспен қарауы керек.Терроризм мен экстремизмге қарсы тұрудың маңызды жолдарының бірі — жастарға дұрыс тәрбие мен сапалы білім беру. Отбасындағы тәрбие, мектептегі білім, кітап оқу, мәдениет пен өнерге қызығушылық адамның дүниетанымын қалыптастырып, теріс идеологияларға қарсы иммунитетін күшейтеді. Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес — тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл — ата-ана, ұстаз, кітапханашы және жалпы қоғам болып атсалысатын ортақ іс. Бейбітшілік пен келісімді сақтау, өзара құрмет пен татулықты нығайту — қауіпсіз болашақтың кепілі.

Бұл бағытта кітапханалардың да атқаратын рөлі ізор. Кітапхана — тек кітап сақтайтын орын емес, оқырманның білімін арттырып, сыни ойлау қабілетін дамытатын мәдени-ағартушылық орта. Әртүрлі тақырыптағы кездесулер, пікірталастар, ақпараттық сағаттар мен танымдық іс-шаралар арқылы жастарға бейбітшілік пен келісімнің құндылығын түсіндіруге болады.

Әрбір азамат бейбітшілікті бағалап, қоғам тыныштығын сақтауға өз үлесін қосса, терроризм мен экстремизмге қарсы ең мықты қорған қалыптасады. Бейбіт елдің болашағы — білімді, саналы және жауапты ұрпақтың қолында!

Алма АБДРАЗАХОВА,
Қаражал ОКЖ, Жәйрем кенті
№12 кітапхана филиалының
меңгерушісі.

Қаражал қаласының учаскелік сайлау комиссияларының дауыс беру уақыты мен орны туралы ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабының 5) тармағына, 38-бабының 1 және 2 тармақтарына және Қаражал қаласы әкімінің ұсынысы негізінде дауыс беру уақытын өзгерту туралы Қаражал қалалық аумақтық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 7 тамыздағы № 9 «Дауыс беруді бастау мен аяқтаудың басқа уақытын белгілеу туралы» шешіміне сәйкес учаскелік сайлау комиссиялары азаматтарға Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарын сайлау күні 2026 жылғы 23 тамызда екенін және сайлау учаскелерінде дауыс беру төмендегі уақытта өтетінін хабарлайды:

Сағат таңғы 06:00-ден кешкі 20:00-ге дейін:

- № 70 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Муратбаев көшесі, № 11 үй, телефон: 8(71043)21-4-43;
- № 71 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Абай көшесі, № 22 үй, телефон: 8(71043)25-0-94;
- № 72 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, С.Сейфуллин көшесі, № 10-1 үй, телефон: 8(71043)22-0-13;
- № 73 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Метталургов көшесі, № 85 үй, телефон: 8(71043)21-3-00;
- № 74 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, КБЭ шағын ауданы, Западная көшесі, № 1А, үй, телефон: 8(71043)22-0-93;
- № 75 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Метталургов көшесі, № 85 үй, телефон: 8(71043)22-1-03.

- Сағат таңғы 07.00-ден кешкі 20.00-ге дейін:

- № 63 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, 25 орам, № 24 үй, телефон: 8(71032)30-1-48;
- № 64 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Абай көшесі, №10 үй, телефон: 8(71032)26-1-23;
- № 65 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Қошмағамбетов көшесі, № 1 үй, телефон: 8(71032)30-1-86;
- № 66 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Әлиев көшесі, № 22а үй, телефон: 8(71032)30-6-95;
- № 67 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Теміржол көшесі, № 13 үй, телефон: 8(71032)30-0-44;
- № 68 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Атасу көшесі, № 2 үй, телефон: 8(71032)30-5-39;
- № 69 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Абай көшесі, № 11 үй, телефон: 8(71032)30-3-91;
- № 76 учаскелік сайлау комиссиясы, мекен-жайы: Қаражал қаласы, Шалғы кенті, Карл-Маркс көшесі, № 3-2 А үй, телефон: 8(71041)30-3-46.

Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжаттың болуы қажеттігін есіңізге саламыз.

Ескертпе: азаматтар сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелуі негізінде енгізіледі. Өзіңіз туралы деректерді сайлаушылар тізімдерінен 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясында тексере аласыз.

Қаражал қалалық аумақтық
сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ участковых избирательных комиссий города Каражал о времени и месте голосования

В соответствии с пунктом 5) статьи 18, пунктами 1 и 2 статьи 38 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» и на основании представления акима города Каражал решением территориальной избирательной комиссии города Каражал от 7 августа 2026 года № 9 «Об установлении иного времени начала и окончания голосования», участковые избирательные комиссии оповещают граждан, что выборы депутатов Курултая Республики Казахстан состоятся 23 августа 2026 года, голосование на избирательных участках проводится:

С 06.00 до 20.00:

- участковая избирательная комиссия № 70, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, улица Муратбаева, дом № 11, телефон: 8 (71043)21-4-43;
- участковая избирательная комиссия № 71, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, улица Абая, дом № 22, телефон: 8 (71043)25-0-94;
- участковая избирательная комиссия № 72, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, улица С. Сейфуллина, дом № 10-1, телефон: 8 (71043)22-0-13;
- участковая избирательная комиссия № 73, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, улица Металлургов, дом № 85, телефон: 8 (71043)21-3-00;
- участковая избирательная комиссия № 74, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, микрорайон ГРЭ, улица Западная, дом № 1а, телефон: 8(71043)22-0-93;
- участковая избирательная комиссия № 75, местонахождение: город Каражал, поселок Жайрем, улица Металлургов, дом № 85, телефон: 8 (71043)22-1-03.

С 07.00 до 20.00:

- участковая избирательная комиссия № 63, местонахождение: город Каражал, 25 квартал, дом № 24, телефон: 8(71032)30-1-48;
- участковая избирательная комиссия № 64, местонахождение: город Каражал, улица Абая, дом №10, телефон: 8 (71032)26-1-23;
- участковая избирательная комиссия № 65, местонахождение: город Каражал, улица Кошмагамбетова, дом № 1, телефон: 8(71032)30-1-86;
- участковая избирательная комиссия № 66, местонахождение: город Каражал, улица Алиева, дом № 2 А, телефон: 8 (71032)30-6-95;
- участковая избирательная комиссия № 67, местонахождение: город Каражал, улица Темиржолы, дом № 13, телефон: 8(71032)30-0-44;
- участковая избирательная комиссия № 68, местонахождение: город Каражал, улица Атасу, дом № 2, телефон: 8(71032)30-5-39;
- участковая избирательная комиссия № 69, местонахождение: Каражал город, улица Абая, дом № 11, телефон: 8(71032)30-3-91;
- участковая избирательная комиссия № 76, местонахождение: город Каражал, поселок Шалгинский, улица Карла Маркса, дом № 3-2а, телефон: 8(71041)30-3-46.

Напоминаем, что при себе необходимо иметь документ, удостоверяющий личность.

Примечание: граждане включаются в список избирателей на основании регистрации по месту жительства. Проверить данные о себе в списках избирателей можно в участковой избирательной комиссии с 7 августа 2026 года.

Территориальная избирательная
комиссия города Каражал.

ТЖ ескертеді

Суда абай болыңыз!

Шомылу маусымына орай Қаражал қаласы Төтенше жағдайлар бөлімі ескертеді.

Суға шомылу кезінде өте мұқият болу керек. Шомылуға тыйым салынған немесе жабдықталмаған жерлерде суға түсу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабына («Су айдындарында қауіпсіздік қағидаларын бұзу немесе сақтамау») сәйкес айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік көзделгенін ескеріңіз. Судағы қауіпсіздік талаптары:

- Тыйым салынған аймақтар – арнайы белгілер қойылмаған және құтқару бекеттері жоқ жерлерде суға түсуге болмайды.

- мас күйде, алкогольдік ішімдіктер ішкен күйде суға түсуге қатаң тыйым салынады;

- кәмелетке толмаған балаларды ересектердің қарауынсыз су жағасында қалдыруға болмайды.

Құрметті азаматтар, қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар!

Ануар ЕРГАЗИЕВ,
Қаражал қаласы ТЖ бөлімінің аға анықтаушысы.

Закон и порядок

Обязан соблюдать

В Каражал-Жайремском регионе проверили, как ведут себя лица, отбывающие наказание в виде ограничения свободы за ранее совершенные преступления, и условно-досрочно освобожденные. Главная цель – сделать все необходимое, чтобы лица, находящиеся на учете Службы пробации, не повторили своих ошибок.

Асель КУРБАЛОСОВА

В течение четырех дней – с третьего по седьмое августа – на территории региона, в соответствии с указанием департамента уголовно-исполнительной системы по Карагандинской области и по области Ұлытау, проходило оперативно-профилактическое мероприятие «Профилактика». В нем совместно с сотрудниками Службы пробации были задействованы представители заинтересованных государственных органов.

Как сообщил старший инспектор СП г. Каражал Дидар Жуманбаев, целевая аудитория ОПМ - граждане, состоящие на пробационном контроле, в том числе и по замене меры наказания, и склонные к рецидиву.

- Основная цель — предупреждение повторной преступности, формирование законопослушного поведения. Особое внимание уделялось лицам, относящимся к группе повышенного риска. Таковых на сегодняшний день – шесть человек,- уточнил старший инспектор.

Мероприятия предусматривали рейды. В дневное время работа проводилась с безработными и лицами с отсрочкой наказания – по месту жительства, с трудоустроенными, соответственно, по месту работы. Подворовые обходы совершались и в ночное время. Повторно все подучетные проверялись по месту жительства с целью выявления скрытых нарушений и фактов уклонения от контроля и соблюдения установленных судом обязанностей и ограничений. Это - употребление алкогольных напитков, а также наркотических средств и психотропных веществ, их аналогов в немедицинских целях, отсутствие по месту жительство в установленное время, посещение увеселительных заведений, нарушение общественного порядка и пр.

Также, сообщил Дидар Жуманбаев, в ходе ОПМ была оказана консультативная помощь по вопросам трудоустройства, социальной адаптации и правового информирования.

ХАБАРЛАНДЫРУ

қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы

«Ken Gold» ЖШС Ұлытау облысындағы Шығыс Жұманай қатты пайдалы қазбаларын барлау учаскесіне қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық материалдар бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды (рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 қыркүйекте сағат 11:00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, мәдени-сауық орталығының ғимараты, Абай көшесі,10 мекенжайы бойынша өткізіледі.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/7626580350?pwd=bG1HV3lmdzJQSHFCWUpCRVUweHBYUT09&omn=81212661737

Конференция идентификаторы: 762 658 0350. Кіру коды: 231221.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Ken Gold» ЖШС.

Деректемелері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 43 ғимарат.

Директор - Тәжиназарова Н.А., БСН: 250540012913,

тел.: 8-701-598-55-29, e-mail: too_niipi@mail.ru.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Ұлытау облысы, Қаражал қаласы.

Учаскенің географиялық координаттары:

1) С. Е. 48°10 '0.00"; Ш. Б. 71° 18'0.00"; 2) С. Е. 48°10'0.00"; Ш. Б. 71°20'0.00";

3) С. Е. 48°08 '0.00"; Ш. Б. 71° 20'0.00"; 4) С. Е. 48°08'0.00"; Ш. Б. 71° 19'0.00";

5) С. Е. 48°09 '0.00"; Ш. Б. 71° 19'0.00"; 6) С. Е. 48°09'0.00"; Ш. Б. 71° 18'0.00".

Әзірлеушісі ЖК Сафонова Ю. И. (12.01.2011 ж. № 0074656 Лицензия берілген: Қазақстан Республикасы Қоршаған орта министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті).

Деректемелері: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 135.

тел.: 8-701-725-92-97, e-mail: yulya8745@gmail.com

Жобалық құжаттама пакетімен «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» экологиялық порталында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілген атаулы іс-шаралар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы сұрауға болады: тел.: 8-701-725-92-97,e-mail: yulya8745@gmail.com.

Ескертулер мен ұсыныстар экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ «Ұлытау облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша: Қазақстан Республикасы, Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 15;

тел.: 8-701-635-55-10,e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

о проведении общественных слушаний

ТОО «KenGold» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытого собрания для осуществления государственной экологической экспертизы по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие для участка разведки на твердые полезные ископаемые Восточный Жуманай в области Ұлытау(проект нормативов допустимых выбросов, план природоохранных мероприятий, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля).

Общественные слушания будут проведены 15 сентября 2026 г. в 11:00 ч,по адресу: область Ұлытау, г. Каражал, здание культурноо-досугового центра, улица Абая, 10.

Ссылка на онлайн-подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/7626580350?pwd=bG1HV3lmdzJQSHFCWUpCRVUweHBYUT09&omn=82882168458

Идентификатор конференции: 762 658 0350. Код доступа: 231221.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «KenGold».

Реквизиты:РК, г. Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, здание 43.

Директор Тажиназарова Н.А. БИН: 250540012913, тел.: 8-701-598-55-29, e-mail: too_niipi@mail.ru.

Территория, на которую может быть оказано воздействие: область Ұлытау, Каражал г.а., г. Каражал.

Географические координаты участка:

1) С.Ш. 48°10'0.00"; В.Д. 71° 18'0.00"; 2) С.Ш. 48°10'0.00"; В.Д. 71°20'0.00";

3) С.Ш. 48°08'0.00"; В.Д. 71°20'0.00"; 4) С.Ш. 48°08'0.00"; В.Д. 71° 19'0.00";

5) С.Ш. 48°09'0.00"; В.Д. 71° 19'0.00"; 6) С.Ш. 48°09'0.00"; В.Д. 71° 18'0.00".

Разработчик:ИП Сафонова Ю.И. (Лицензия № 0074656 от 12.01.2011 г. Выдана: Комитет экологического регулирования и контроля МООС РК) .

Реквизиты: РК, Акмолинская обл. г.Кокшетау, улица Абая 135.

Тел.: +8-701-725-92-97, e-mail: yulya8745@gmail.com.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на экологическом портале «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан» (https://ndbecology.gov.kz), а также на официальном Интернет-ресурсе МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведений общественных слушаний, а также запросить копии документов можно по электронному адресу: yulya8745@gmail.com, тел.: 8-701-725-92-97.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на экологическом портале (https://ndbecology.gov.kz), а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по области Ұлытау» по адресу: РК, область Ұлытау, город Жезказган, ул. Гарышкерлер, 15, тел.:8-701-635-55-10, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Спорт

Туризм мен бірлікті ұштастырған тартысты дода

«Казцинк» компаниясының демеушілігімен, «Жәйрем спорт клубы» ҚБ ұйымдастырумен Жәйрем кентінің тұрғындары арасында дәстүрлі түрде өткізілетін туристік слет биыл да жоғары деңгейде өтті.

Ауқымды шара Қарағанды облысы Шет ауданына қарасты Батық ауылына жақын орналасқан демалыс аймағында өтті. Жәйрем кентінен шамамен 219 шақырым қашықтықта орналасқан табиғаты көркем мекенде өткен бұл сайыс тұрғындардың белсенді демалысын ұйымдастырып қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттау, ұжымдық рухты нығайту және туризм мәдениетін дамыту мақсатын көздеді.

Туристік слетке әртүрлі ұжымдардың құрамынан жасақталған командалар қатысты. Әр команда бес адамнан, оның ішінде үш ер адам мен екі әйелден құралды. Қатысушылар алдын-ала жарыс талаптарына сәйкес дайындалып, өздерімен бірге командалық жалауша, кәсіпорын атауы мен логотипі бейнеленген рәміздер, шатырлар, далалық жағдайда тұрмыс ұйымдастыруға қажетті құрал-жабдықтар, ас әзірлеуге арналған азық-түлік қоры және спорттық сайыстарға қажетті жабдықтарын ала келді.

Шараның қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінді. Барлық қатысушыларға арнайы нұсқаулық өткізіліп, қауіпсіздік техникасы талаптарымен таныстырылғаннан кейін әр адам жеке қол қойып, өз қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алды. Сонымен қатар командалар арасында жеребе тартылып, байқаулар мен жарыстарға қатысу реті анықталды.

Турслеттің алғашқы күні командалардың сапқа тұру рәсімімен басталды. Қатысушылар өз командаларының атауын, ұранын, логотипін таныстырып, біркелкі киім үлгілерін көпшілік назарына ұсынды. Бұл кезеңде командалардың ұйымшылдығы мен шығармашылық қабілеті бағаланды.

Одан кейін туристік лагерьлерді ұйымдастыруға арналған бивуактар байқауы өткізілді. Қазылар алқасы шатырлардың орналасу тәртібін, тұрмыстық жағдайдың ұйымдастырылуын, қауіпсіздік талаптарының сақталуын және безендірілуін назарға алды.

Туристік өмірдің ажырамас бөлігі саналатын ас әзірлеу сайысы да үлкен қызығушылық тудырды. Командалар далалық жағдайда түрлі тағамдар дайындап, өздерінің аспаздық шеберліктерін көрсетті. Байқау барысында тағамдардың дәмі, әзірлену тәсілі мен ұсынылу мәдениеті бағаланды.

Слет бағдарламасындағы маңызды кезеңдердің бірі – алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша жарыс болды. Қатысушылар төтенше жағдай кезінде зардап шеккен адамға алғашқы дәрігерге дейінгі көмекті қалай көрсету керектігін тәжірибе жүзінде көрсетті.

Кешкі уақытта қатысушылар дәстүрлі «От басындағы кешке» жиналды. Бұл бөлім туристік слеттің ең әсерлі сәттерінің біріне айналды. Командалар «Туристік слет» тақырыбында шығармашылық музыкалық нөмірлер ұсынып, ән мен өнер арқылы өздерінің ұйымшылдығын көрсетті. Сонымен қатар еркін тақырыптағы жеке орындаушылар арасында да өнер сайысы өткізілді. Әуезді әндер мен көтеріңкі көңіл-күй табиғат аясындағы кештің сәнін келтірді.

Турслеттің екінші күні спорттық эстафеталар ұйымдастырылды. Қатысушылар күш-жігерін, ептілігін, төзімділігі мен командалық үйлесімін сынайтын бірнеше кезең бойынша бақ сынасты.

Эстафета бағдарламасына жүгіру, қайықпен жүзу, зардап шегушіні тасымалдау, тепе-теңдікті сақтай отырып бөрене үстімен жүру, туннельден өту, арқанға өрмелеу, шеге қағу және «Шелекті толтыр» атты қызықты сайыс енгізілді. Соңғы кезеңде қатысушылар көлден суды шүберек арқылы тасып, шелекті мүмкіндігінше тез толтыруға тырысты.

Әр кезең командалардың ұйымшылдығын, физикалық дайындығын және жылдам шешім қабылдау қабілетін анықтады. Табиғат аясында өткен жарыстар қатысушыларға ұмытылмас әсер сыйлап, өзара ауызбіршілік пен ынтымақтастықтың маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Туристік слеттің қорытындысы бойынша үздік командалар медальдармен, грамоталармен, сертификаттармен, арнайы номинациялармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жалпы командалық есепте I орын «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ Жастар кеңесі мүшелерінен құралған «Qadam» командасына бұйырса, II орын – «Қыран-2» командасына, III орын – «Қыран» командасы міне тұтты.

талған шараға Жәйрем кентінің әкімі Қайрат Жансағымов, комбинаттың байыту жөніндегі атқарушы директор Айдос Серіков, «Жәйрем спорт клубы» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшылар кеңесінің төрағасы Бекзат Асанов, Ғимараттар, қонақүй және жатақхана кешенінің аға әкімшісі Данияр Жақсыбеков және Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері Ерлан Жақсылықұлы қатысып, сайысқа төрелік етті.

Жазғы туристік слет тек жарыс алаңы ғана емес, тұрғындардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, ұйымшылдық пен достықты дәріптеген маңызды шараға айналды. Табиғат аясында өткен екі күндік демалыс барысында қатысушылар туристік машықтарын жетілдіріп, спорттық дайындығын шыңдап қана қоймай, жаңа достар тауып, көтеріңкі көңіл-күйге бөленді.

Мұндай игі бастамалар жастар мен тұрғындарды белсенді өмір салтына баулып, туған өлкенің табиғатын танып-білуге мүмкіндік береді. Сондықтан Жәйрем КЕНТІ тұрғындары арасында дәстүрге айналып келе жатқан туристік слет алдағы жылдары да жалғасын тауып, қатысушылар қатары арта береді деген сенім мол.

Гауһар НАУРЫЗБАЕВА.

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы» ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 3 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 30

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.